

КЕЛЕСІ БЕТІН
ҚАРАҢЫЗ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа редакцияда әзірленіп, "ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қор") құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады және өзімен Қор акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2012 жылғы 27 қаңтардағы № 1 хаттама) бекітілген Қор жарғысын алмастырады.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қордың атауы

1. Қордың толық атауы:
 - 1) қазақ тілінде – **"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы;**
 - 2) орыс тілінде – **акционерное общество "Накопительный пенсионный фонд "ҰларҮміт";**
 - 3) ағылшын тілінде – **"UlarUmit" Accumulative Pension Fund" Joint Stock company.**
2. Қордың қысқартылған атаулары:
 - 1) қазақ тілінде –
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ; немесе
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ; немесе
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры; немесе
"ҰларҮміт" ЖЗҚ;
 - 2) орыс тілінде –
АО "Накопительный пенсионный фонд "ҰларҮміт";
немесе
АО "НПФ "ҰларҮміт"; немесе
Накопительный пенсионный фонд "ҰларҮміт"; немесе
НПФ "ҰларҮміт";
 - 3) ағылшын тілінде –
"UlarUmit" Accumulative Pension Fund" JSC; немесе
"UlarUmit" APF" JSC; немесе
"UlarUmit" Accumulative Pension Fund"; немесе
"UlarUmit" APF.

2-бап. Қордың атқарушы органының орналасқан жері. Қордың корпоративті веб-сайты. Қордың қызмет ету мерзімі

1. Қордың атқарушы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 115а.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес, Қор және оның қызметі туралы ақпаратты ашуға арналған Қордың корпоративті веб-сайты (ресми Интернет-сайты) www.ularumit.kz бар.
3. Қордың қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3-бап. Қордың құқықтық мәретбесі. Қордың деректемелері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қор акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Қор меншік құқығында оқшауланған мүлікке ие болады және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар ала және іске асыра алады, міндеттемелер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қордың қаржылық-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

2. Қор өз мүлігі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапты болады.

Қор өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

Қор акционері Қордың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Қор қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне, оған тиесілі Қор акцияларының құны көлемінде, ие болады (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда).

3. Қор өз қызметінде:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
 - 2) Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарды;
 - 3) осы Жарғыны;
 - 4) Қордың корпоративтік басқару кодексін және оған уәкілетті органдармен белгіленген тәртіпте бекітілген Қордың өзге де ішкі құжаттарын;

- 5) Өз құзыреттері шегінде, белгіленген тәртіпте қабылданған Қор органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерін басшылыққа алады.
4. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасының аумағында және аумағынан тыс өзінің филиалдарын, өкілдіктерін және оқшауланған бөлімшелерін ашуға құқылы.
5. Қордың өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі, өзінің атауы көрсетілген мөртабандары мен бланкілері бар.
Қор, үлгілері қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілетін және тіркелетін өзінің тауарлы белгісі (қызмет көрсету белгісі) мен символикасына ие бола алады.
6. Қор акциялардан басқа, бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығармайды.

4-бап. Қор қызметінің мақсаттары мен түрлері

1. Қор қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдің қолайлы деңгейіндегі мүмкіндігінше ең көп инвестициялық кірісті кіргізу және зейнетақы жинақтары сақтығын қамтамасыз ету арқылы Қор салымшыларының мүдделерін барынша сақтаумен, қолданыстағы заңнамаға және іскерлік этика ережелеріне сәйкес, осы баптың 3-тармағында көрсетілген өз қызметін жоғары сапалы, тиімді, саналы және тиісті сақтықпен жүзеге асыру нәтижесінде тұрақты кіріс кіргізу болып табылады.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен өзге, Қор қызметінің өзге мақсаттары Қор органдарымен, олардың құзыретінің шектерінде, анықталады.
3. Қор қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;
 - 2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыру;
 - 3) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызмет, сәйкес лицензиялар негізінде және осы лицензияларға сәйкес, Қормен жүзеге асырылады.

2-бөлім. ҚОР АКЦИЯЛАРЫ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРІ

5-бап. Қор акциялары

1. Қор акцияларының түрлері мен акциялар түрі бойынша саны оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) анықталады және Қордың акциялар шығару проспектісінде белгіленеді, ал проспект өз алдына бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қор акционерлерінің жалпы жиналысының, оның жарияланған акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы шешіміне сәйкес құрастырылуға жатады.
2. Қор алтын акциялар шығармайды.
3. Қор оның акцияларына конверсияланатын бағалы қағаздар шығармайды.
4. Қор өз акцияларын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында, сондай-ақ аукцион немесе жазылуды жүргізу арқылы ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырады.

Қордың бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукциондарды жүргізудің шарттары мен тәртібі Қордың Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжатпен белгіленеді.
5. Қор акцияларына қатысты өзге сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

6-бап. Қор акциялары бойынша дивидендтер

1. Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер соңғы біткен қаржы жылының нәтижелері бойынша жылына бір рет төленеді.

Қаржы жылынан басқа кезеңдердің нәтижелері бойынша Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде есептеледі және төленеді, бұл шешім осы дивидендтерді төлеу мерзімі мен тәртібіне нұсқаудан тұруы керек.
2. Қордың бір артықшылықты акциясы бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері, сондай-ақ Қордың артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі, мерзімдері және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Қор акциялары бойынша дивидендтерге қатысты өзге сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

7-бап. Қор акционерлерінің құқықтары мен міндеттемелері

1. Қор акционерлері:

1) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қордың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қордың жарғысында айқындалған тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қордың тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қор акционерлерінің жалпы жиналысына Қордың директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қордың органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

7) Қордың дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қордың лауазымды адамдарының Қорға келтірілген залалдарды Қорға өтеуі және Қордың лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қорға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қорға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қорға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қор таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қордың акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

2. Ірі акционердің, сондай-ақ:

- 1) Қор акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Қордың директорлар кеңесі Қор акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) Қордың директорлар кеңесіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қор акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) Қордың директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қор аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
3. Қордың акционерлеріне орналастырылатын жарияланған акцияларды артықшылықпен сатып алу құқықтарын пайдалану ұсынысы Қор акционерлерінің назарына осы Жарғының 15 бабында белгіленген тәртіпте хабардар етіледі.
 4. Қордың артықшылықты акцияларымен куәландырылған қосымша құқықтар көлемі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғының 5 және 6 баптарында белгіленеді.
 5. Қор акционерлеріне, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, олардың Қор акционерлері мәртебесімен байланысты міндеттемелер жүктеледі.

3-бөлім. ҚОРДЫ БАСҚАРУ

8-бап. Қордың органдары

1. Қордың органдары болып:
 - 1) жоғарғы орган – Қор акционерлерінің жалпы жиналысы;
 - 2) басқару органы – Қордың Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Қор Басқармасы;
 - 4) бақылау органы – Қордың Ішкі аудит қызметі табылады.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен басқа Қордың өзге де органдары, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін және соған сәйкес, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының шешімдерімен, олардың құзыреттеріне сәйкес, құрылады. Қордың осындай органдарын құру және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

9-бап. Қор акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Қор акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:
 - 1) Осы Жарғыға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) Қорды корпоративті басқару Кодексін, сондай-ақ осы Кодексе өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қордың жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қордың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қордың орналастырылған бағалы қағаздарының бір түрін оның акцияларының басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осы айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
 - 6) Қордың есеп комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің көлемі мен шарттарын анықтау;
 - 8) Қордың қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
 - 10) Қордың өткен қаржылық жылдағы таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қордың бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің көлемін бекіту;
 - 11) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жағдайлар орын алғанда Қор акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Қор акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 13) жиынтығы сомасында Қорға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қордың басқа заңды тұлғаларды құруға не қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау; Қордың осы заңды тұлғада қатысуын тоқтату туралы шешім қабылдау;

- 14) Қордың өзінің Акционерлеріне Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шақырылатыны туралы хабардар етуінің түрін (осы баптың 3-тармағына сәйкес) анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қордың бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алуы барысында акциялардың құнын анықтау әдістемесін, сондай-ақ осы әдістемеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 16) Қор акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 17) Қор акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін (осы баптың 3-тармағына сәйкес) анықтау, соның ішінде, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қор акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге сұрақтар.
2. Осы баптың 1-тармағының 1)-4) және 15) тармақшаларында аталған сұрақтар бойынша Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері Қордың дауыс беретін акцияларының жалпы санынан айқын көпшілікпен (үш ширектен кем емес мөлшерде) қабылданады.
- Егер өзгесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленбесе, осы баптың 1-тармағының 1)-4) және 15) тармақшаларында көрсетілгендерден өзге, Қор акционерлерінің жалпы жиналысының өзге сұрақтар бойынша шешімдері дауыс беруде қатысып отырған Қордың дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілікпен қабылданады.
3. Осы баптың 1-тармағының 14) және 17) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері осы Жарғының 15-бабына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешімдер түрінде қабылданады.
4. Қор акционерлерінің жалпы жиналысы Қордың кез-келген басқа органының Қордың ішкі қызметіне қатысты кез-келген шешімін жоюға құқылы.
5. Қор акционерлерінің жалпы жиналыстары, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, шақырылады, дайындалады және жүргізіледі; сонымен қатар:

- 1) Қор акционерлеріне оның акционерлерінің жалпы жиналысының өтуі туралы, осы Жарғының 15-бабымен белгіленген тәртіпте, хабардар етіледі;
 - 2) Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Қор акционерлерінен (Қор акционерлерінің өкілдерінен), Қор Басқармасының мүшелерінен, Қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыруға қажет және оның күн тәртібіне түсініктеме беру үшін Қор қызметкерлерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдерінен басқа, оның жиналыстарында шақырусыз өзге тұлғалар қатысуы мүмкін; бұндай тұлғалардың сөз сөйлеу құқығы Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді;
 - 3) Қор акционерлері дауыс беру нәтижелері туралы, осы Жарғының 15-бабында белгіленген тәртіпте, Қор акционерлерінің жалпы жиналысында хабардар етіледі.
6. Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін.

10-бөлім. Қордың Директорлар кеңесі

1. Егер өзгесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленбесе, Қордың Директорлар кеңесінің (бұдан әрі осы бапта – Директорлар кеңесі) ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:
 - 1) Қор қызметінің басым бағыттарын анықтау, оның ішінде Қордың стратегиялары мен саясаттарын және оларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарларын бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда – Қордың даму жоспарларын бекіту; осы жоспарларға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, оның күн тәртібін қалыптастыру, Қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу түрін анықтау (Қор акционерлерінің жалпы жиналысын сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы жүргізумен), Қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақытын және орнын белгілеу, Қор акционерлерінің жалпы жиналысында қатысуға құқығы бар Қор акционерлерінің тізімін қалыптастыру сәтін анықтау, болмағанының орнына Қор акционерлерінің қайталама жалпы жиналысының өту күні мен уақытын белгілеу;

- 3) Қордың жарияланған акцияларын орналастыру немесе Қордың ертерек сатып алынған өз акцияларын сатуы туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастырудың (сатудың) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қордың өзінің орналастырылған акцияларын өтеп алуы және оларды өтеп алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қордың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қордың жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу және Қордың бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы Қор акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар беру;
- 7) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген жағдайлар орнағанда Қор акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы Қор акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар беру;
- 8) Қор акцияларының ерікті дилистингі туралы Қор акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар беру;
- 9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы шешімдерді қабылдау, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені (ережелерді), сондай-ақ осы ережеге (осы ережелерге) өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
- 10) Қор Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің қызмет ақыларының көлемдері және еңбек ақы төлеу мен сыйақы берудің шарттарын анықтау; Қор Басқармасы мүшелерінің міндеттемелерін орындауымен байланысты шығындарының орнын толтырудың мөлшері мен орнын толтырудың шарттарын анықтау;
- 12) Қордың Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, Қордың Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау және олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қордың Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін (соның ішінде Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережені, сондай-ақ осы ережеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту), Қордың Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын анықтау;

- 13) Қордың корпоративті хатшысын тағайындау, оның уәкілеттік мерзімін анықтау және оны мерзімінен бұрын тоқтату, Қордың корпоративті хатшысының жұмысының тәртібін (соның ішінде Қордың корпоративті хатшысы туралы ережені, сондай-ақ осы ережеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту), Қордың корпоративті хатшысы жоқ болған жағдайда оны алмастыратын тұлғаларды, Қордың корпоративті хатшысының және оны алмастыратын тұлғалардың қызмет ақысының мөлшері мен сыйақы берудің шарттарын анықтау;
- 14) Қордың аудиторлық ұйымының қызметтеріне ақы төлеудің көлемін, сондай-ақ Қор акцияларына төлеу үшін тапсырылған немесе Қормен жасалатын (жасалған) ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны анықтау;
- 15) Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қордың қызметін ұйымдастыру мақсатында Қор Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қордың бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукциондарды жүргізу мен Қордың бағалы қағаздарына жазылуды өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ осы құжаттарға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды (осы баптың 3-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді есекере отырып) бекіту;
- 16) Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді, сондай-ақ осы ережелерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
- 17) Қордың басқа заңды тұлғаларды құруда және/немесе Қормен олардың акцияларының (жарғылық капиталға катысу үлестерінің) бір заңды тұлғаның акцияларының (осы Жарғының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасымен белгіленген жағдайды қоспағанда) жалпы санынан он және одан да артық пайыз мөлшерінде сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 18) Заңды тұлғаның акцияларының (жарғылық капиталға катысу үлестерінің) жалпы санынан он және одан да артық пайыз мөлшерінде Қорға тиесілі, осы заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің сұрақтары бойынша (Қор өкілінің жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі туралы) шешімдер қабылдау;
- 19) Қордың міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да артық пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту туралы шешім қабылдау;

- 20) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиядан тұратын Қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 21) Қордың ірі мәмілелерді және Қор мүдделі болып табылатын мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 22) Директорлар кеңесінің төрағасын және ол жоқ болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлғаларды сайлау;
 - 23) Директорлар кеңесінің реттемесін, сондай-ақ осы реттемеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту;
 - 24) Қордың негізгі жұмыстарының жылдық жоспарларын, сондай-ақ осы жоспарларға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту; Осы жоспарлардың орындалғаны туралы есептерді бекіту;
 - 25) Қордың жылдық бюджеттерін, сондай-ақ осы бюджеттерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту; осы бюджеттердің орындалғаны туралы есептерді бекіту;
 - 26) Қордың кастодиан-банкін және Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды анықтау;
 - 27) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және/немесе осы Жарғымен Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған өзге сұрақтар.
2. Директорлар кеңесі, осы баптың 1-тармағында аталғаннан басқа, оның қарауына шығарылған Қор қызметінің сұрақтарын қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға (Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қор акционерлерінің жалпы жиналысының, Қор Басқармасының және Қор Басқармасы Төрағасының құзыретіне жатқызылған сұрақтардан басқа) құқылы.
 3. Қор қызметін ұйымдастыру мақсатында Қор Басқармасымен қабылдануы мүмкін ішкі құжаттарының тізбесі (анықтау критерийлері) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді, ал Қазақстан Республикасының заңнамасы бұндай тізбені (бұндай анықтау критерийлерін) белгілемеген жағдайда – Директорлар кеңесімен белгіленеді.
 4. Директорлар кеңесі:
 - 1) Қор акционерлері мен лауазымды тұлғалары деңгейінде (соның ішінде әлеуеттік) мүдделер қақтығысын, соның ішінде Қордың мүлігін заңсыз пайдалануды, ірі мәмілелерді және Қор мүдделі болып табылатын мәмілелерді жасасу мен орындау барысында теріс пайдалануларды анықтауға және мүмкіндігінше жоюға;

- 2) Қордағы корпоративті басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізуге;
- 3) Қорда тиісті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің қалыптастырылуы мен қызмет етуіне бақылау жүргізуге міндетті.
5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, тәуелсіз директорларды қосқанда (олардың саны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы керек), үш адамнан кем болмауы керек.
6. Директорлар кеңесінің құрамына сайлануға ұсынылған жеке тұлға, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының жинақтаушы зейнетақы қорының және/немесе лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында қызметін атқаратын заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес болуы керек.
7. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.
8. Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, сонымен қатар:
 - 1) Директорлар Кеңесінің төрағасы және Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оны алмастыру құқығына ие тұлғалар өз мүшелері қатарынан, Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен, ашық дауыс беру арқылы сайланады, ал Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің төрағасын және Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оны алмастыру құқығына ие тұлғаларды кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы;
 - 2) Директорлар кеңесінің отырыстары кемінде тоқсанда бір рет өтіп тұруы керек;
 - 3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу туралы, осы отырыстың күні, уақыты және орнын көрсете отырып, оның күн тәртібін және осы отырыстың күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдарды қосып жазбаша хабарламалар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің отырыстарының өткізу туралы хабарламалардың өзге мерзімдері белгіленген жағдайларды және шұғыл қарастыруды талап ететін жағдайлар пайда болғанда хабарлама мерзімі үш күннен аз мерзімге дейін азайтылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, осы отырысты өткізу күніне дейін үш күн бұрын жөнелтілуі керек; сонымен қатар шұғыл қарастыруды талап ететін жағдай екенін анықтау Директорлар кеңесінің төрағасымен, Қор Басқармасымен және Директорлар

кеңесі мүшелерінің жалпы санынан үштен бірінен кем еместен тұратын Директорлар кеңесінің мүшелерімен жүзеге асырылады;

- 4) Директорлар кеңесі, егер Директорлар кеңесінің отырысында (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінде) Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан жартысынан кем емесі қатысып отырса (соның ішінде дауыс зорайтқыш видео немесе телефон байланысы арқылы), Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қордың ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесі отырысының кворумына немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруіне көтеріңкі талаптар белгіленген жағдайларды қоспағанда, оның қарауына шығарылған сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;
- 5) Директорлар кеңесінің отырысы отырыс төрағасы – Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлғалармен немесе аталмыш тұлғалар жоқ болған жағдайда, Директорлар кеңесімен осы мақсатта сайланған кез-келген Директорлар кеңесінің мүшесімен жүргізіледі;
- 6) Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуде оның шешімдері, осы отырыста (соның ішінде дауыс зорайтқыш видео немесе телефон байланысы арқылы) қатысып отырған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімдерді қабылдауда дауыс беруге құқылы Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының жалпы санынан жай көпшілікпен қабылданады; дауыстар тең болған жағдайда отырыс төрағасының дауысы шешуші болып табылады, осыған байланысты (Директорлар кеңесінің шешімін оның мүшелерінің құпия дауыс беруі арқылы қабылдағанда) отырыс төрағасы өзінің құпия дауыс беруге арналған бюллетеніне қол қоюға міндетті;
- 7) Директорлар кеңесінің отырысын өткізгенде оның шешімдері, Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген, сондай-ақ отырыс төрағасы немесе осы отырыста қатысып отырған Директорлар кеңесінің екі мүшесінен кем емесі құпия дауыс беруді талап еткен жағдайларды қоспағанда, ашық дауыс беру арқылы қабылданады;

- 8) Директорлар кеңесінің отырысын өткізгенде Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін оның өкілдерімен, сонымен бірге Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен алмастыруға рұқсат берілмейді.
9. Директорлар кеңесінің мүшесі Қордың корпоративті хатшысына, немесе Қордың корпоративті хатшысын алмастырушы тұлғаға Директорлар кеңесінің отырысында жеке қатысуының мүмкін емес екенін алдын-ала хабардар етуге міндетті.
10. Директорлар кеңесі оның мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы шешімдер қабылдауға құқылы, сонымен қатар:
 - 1) сырттай дауыс беруге Директорлар кеңесінің мүшелерімен көзбе-көз талқылауды талап етпейтін сұрақтар ғана немесе (Директорлар кеңесі мүшелерін алдын-ала сұрау негізінде) олар бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруінің бір мәнді нәтижесі болжамдалатын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің шұғыл шешімдерін қабылдауды талап ететін, шұғыл сипаттағы сұрақтар шығарылады;
 - 2) сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламалар және осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолма-қол тәсілімен, факсимильді байланыс құралдарымен немесе электронды пошта арқылы жеткізіледі, сонымен бірге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын санау кезінде осы бюллетеньдерді есепке алу мақсатында қол қойылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің келуі керек мерзімге дейінгі уақыты көрсетіледі;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген уақыт келгенге дейін Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесі дауыс берудің түрі бойынша наразылық білдіруге құқылы; бұл жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қор Басқармасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті;
 - 4) Директорлар кеңесінің мүшелерімен қол қойылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Қорға қолма-қол тәсілмен, факсимильді байланыс құралдары арқылы, электронды сандық қолды пайдаланумен электронды почта немесе Қордың арнайы Интернет-сайты (Қордың корпоративті веб-сайтының арнайы парағы) арқылы жеткізіледі;
 - 5) Директорлар кеңесі Қорға мүшесінен түскен сырттай дауыс беру бюллетені, егер осы бюллетеньге Директорлар кеңесінің осы мүшесі қол қоймаса және/немесе Директорлар кеңесінің осы мүшесімен осы бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталмаса, және/немесе

Директорлар кеңесінің осы мүшесі осы бюллетеньде дауыс беру нұсқаларының бірінен көбін белгілесе, жарамсыз болып есептеледі;

- 6) Егер осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген уақыт келгенге дейін сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде тұжырымдалған шешім, осы шешім үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі; Дауыстар тең болса Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады;
 - 7) Осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген уақыт келгенде Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы қабылданған шешім ресімделеді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы (ол жоқ болғанда – Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оны алмастыру құқығына ие тұлғалардың бірі), сондай-ақ Қордың корпоративті хатшысы (ол жоқ болғанда – Қордың корпоративті хатшысы жоқ болған жағдайда оны алмастыру құқығына ие тұлғалардың бірі) немесе (егер Қордың корпоративті хатшысы және Қордың корпоративті хатшысы жоқ болған жағдайда оны алмастыру құқығына ие тұлғалар сайланбаса немесе жоқ болса) Қор Басқармасының Төрағасы немесе Қор Басқармасының мүшесі, оны алмастыратын тұлға қол қояды;
 - 8) Қор Директорлар кеңесінің мүшелерін, акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде, олардың сырттай дауыс беруінің қорытындылары туралы хабардар етеді.
11. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесімен қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, онда оның ерекше пікірі Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешіміне) енгізілуін талап етуге құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі сондай-ақ өзімен жазбаша баяндалуы мүмкін; бұл жағдайда осындай құжат Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасының (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімінің) міндетті қосымшасы болып табылады.

11-бап. Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері мен комиссиялары (жұмыс топтары)

1. Ерекше маңызды сұрақтарды қарау және Қор Директорларының кеңесіне қарауға шығарылатын сұрақтар бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Қордың Директорлар кеңесі мамандандырылған сабағаттық-кеңесші органдар – Қордың Директорлар кеңесінің органдарын құрады.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттерін құру мен жұмыс істеу тәртібі, сандық құрамы мен құзыреттері, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес оның Директорлар кеңесімен бекітілетін, Қордың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

2. Осы немесе өзге сұрақтарды қарау үшін, Қордың Директорлар кеңесінің қарап шешуімен, Қордың Директорлар кеңесі өзінің тұрақты және уақытша комиссияларын (жұмыс топтарын) құруға құқылы.

Қордың Директорлар кеңесінің комиссияларының (жұмыс топтарының) жұмыс істеу тәртібі Қордың Директорлар кеңесімен анықталады.

12-бап. Қор Басқармасы

1. Қордың ағымдағы қызметін басқару оның Басқармасымен (бұдан әрі осы бапта - Басқарма) жүзеге асырылады, құрамына Басқарма Төрағасы, оның орынбасарлары және оның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қордың өзге қызметкерлері кіреді.

Басқарма Қор акционерлерінің жалпы жиналысының және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қор акционерлерінің жалпы жиналысының, Қордың Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасы Төрағасының ерекше құзыретіне жатқызылмаған Қор қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешім қабылдауға құқылы, сонымен қатар:

- 1) Қордың ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдайды;
- 2) Қордың ұйымдастырушылық құрылымы мен штаттық кестесін анықтайды;
- 3) Қордың бағалы қағаздарын шығару проспектілерін, сондай-ақ осы проспектілерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекітеді;
- 4) Қор акцияларын орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

3. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек.

Қордың Директорлар кеңесімен анықталған Басқарманың өкілеттік мерзімі үш жылдан кем болмауы керек.

4. Басқарма құрамына сайлануға ұсынылған жеке тұлға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының жинақтаушы зейнетақы қорының және/немесе лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында қызметін атқаратын заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес болуы керек.
5. Басқарманың құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.
6. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі.
Басқарманың отырысы Басқарма Төрағасының, оны алмастыратын Басқарма мүшесінің немесе Басқарманың кез-келген екі мүшесінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.
Басқарманың отырысы Басқарманың Төрағасымен немесе оны алмастырған Басқарма мүшесімен жүргізіледі.
7. Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие.
Егер Басқарманың отырысында Басқарма мүшелерінің жалпы санынан жартысынан кемі қатысып отырса, Басқарма оның қарауына шығарылған сұрақтарды қарастыруға, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелері дауыстарының жалпы санынан жай көпшілікпен қабылданады. Дауыстар тең болғанда Басқарма Төрағасының немесе оны алмастыратын Басқарма мүшесінің дауысы шешуші болып табылады.
Басқарма мүшесімен дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге рұқсат берілмейді.
8. Басқарманың шешімдері оның отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған осы отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қоюы міндетті, ол осы отырыста қарастырылған және дауыс беруге қойылған сұрақтар бойынша шешімдердің тұжырымдамалары туралы жазбалардан және осы сұрақтардың әр-қайсысы бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беруі нәтижелерін көрсете отырып, осы сұрақтар бойынша дауыс берудің қорытындыларынан тұруы керек.
9. Егер Басқарма Төрағасы жоқ болған немесе басқа себептер бойынша өзінің өкілеттіктері мен міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Басқарма Төрағасының бұйрығымен немесе Басқармамен бекітілген алмастырулар схемасына сәйкес, немесе (аталмыш бұйрық жоқ болған жағдайда немесе аталмыш схемаға сәйкес осындай өкілеттіктер мен міндеттемелер жүктелген Басқарма мүшесін анықтау мүмкін емес болған жағдайда) Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен осы өкілеттіктер мен міндеттемелерді орындау жүктелген Басқарма мүшелерінің бірімен орындалады.

Егер Басқарманың кез-келген өзге мүшесі жоқ болған немесе басқа себептер бойынша өзінің міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Басқармамен бекітілген алмастырулар схемасына сәйкес, олар Басқарманың өзге мүшесімен орындалады.

10. Ең маңызды сұрақтарды қарастыру және Басқарманың қарауына шығарылатын сұрақтар бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Басқарма, Басқармаға бағынатын және есеп беретін, Қор қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша мамандандырылған комитеттер құрады.

